

ZAMAN



1 мамыр, жұма,
1998 жыл, 19(242)

ҚАЗАҚСТАН

Еларалық
еркін газет

Ел
үмітін
арқалап

11-бет

Ислам ШҰҒАЙЫПҰЛЫ,
ақын

Өнер тарланы

Мұхиттай шалқыған өнерімен танымал таланттар халқымызда көп-ақ. Міне, сондай саңлақтардың бірі - композитор Садық Кәрімбаев. Айта кетейін, Сәкең жасында шешекпен ауырды да, екі бірдей көзінен айырылып, су қараңғы болып қалады. Әйтсе де, жастайынан өнге құмар жас бала Жаяу Мұса, Біржан, Естай әндерін біреуден естісе болды, сөл мезетте қағып алып, бабына келтіре шырқай жөнелетінді. Артынан әкесі домбыра жасатып берді де, көршісі Майраның ықпалымен «әнші бала» атанды.

С.Кәрімбаев 1931 жылы Алматыға келіп, жеке дарынының арқасында мемлекеттің қамқорлығына алынады, содан 1936 жылы республикалық өн байқауына қатысады. Ал, Отан соғысы басталғанда жас сазгер «Аттанис», «Біздің ұран», «Атты әскер», «Жорық» атты марш екпіндес әндер шығарады.

Мен белгілі дарын иесі Сәкеңмен 1957 жылдан өмірінің соңына дейін бірге болып, шығармашылық байланыс жасадым, алпыстан астам өндеріне сөз жазып, туған баласындай болған ақынмын. Бірде композитордан: «Сіз бақыттысыз ба?» деп сұрағанымда, былай дегені бар: «Әрине, бақыттымын. Елдің, халықтың арқасында өнер иесі атандым, соңғы демім таусылғанша жұртшылыққа қызмет етемін... Бұдан артық маған қызықтың керегі жоқ...»

Бір оқиғаны айтайын. 1959 жылы Алматы қаласының Фурманов көшесіндегі нөмірі үшінші үйде тұрған композитор маған телефон шалды. Бұл кезде біздің достаса бастағанымызға да екі-үш жылдың айналасы болған-тын. Келген бойымда айтқаны: «Сенің серлігің бар ғой, махаббат туралы өлең керек...» Көп ұзамай-ақ ол өлең жазылды да, өн мәтінімен салыстырылып, бірігіп істеген жұмыс нәтижесін берді. Ол кезде «Мәдениет және тұрмыс» журналы қазіргі Пушкин көшесінде, көк базарға жақын болатын, соған бардым. Ақындар Т.Молдағалиев, С.Жиенбаевтар журнал саралқасында қызмет атқаратын. Жұмысым тез бітті, арада аз уақыттан кейін, дәлірек айтсақ, 1959 жылдың көкек айындағы нөмірі төртінші санында «Қол айна» өні нотасымен бірге жарық көрді.

Қалқашым берді қол айна,
Қоштасар шақта сыр айтып.

Ұмытпа, сәулем, мені ойла,
Сытыпа жанды мұңайтып...

деп басталатын өн Биғайша Іңкәрбекованың орындауында көпшілікке тарап кетті. С.Кәрімбаевқа 1947 жылы Қазақстан өнеріне еңбегі сіңген өртіс атағы берілді.

Композитордың алғашқы жұбайы Райханнан Абай, Айгүл атты перзенттері бар. Махфуза деген татар әйелінен Көзбол деген бір ұл болса, соңғы әйелі - Гүлжаннан Нұрбол, Досбол атты ұлдары қалды.

Қадірменді композитор С.Кәрімбаев 1975 жылы 5 наурызда ауыр науқастан кейін дүниә салды. Бірақ оның артында қалған мол мұрасы халықтың қажетін өлі де өтей береді деп ойлаймын.

Дайындаған
Шаймерден ТӨЛЕГЕНҰЛЫ.

Көркем туыңғы саяси идеямен шектелмейгі

Соңғы кездері сандары күрт өсіп келе жатқан біліммен емес «біліктілікпен» ғылымға келушілерге әдебиетшілердің де қатысы бар ма? Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында қоғамға «жан-төнімен» қызмет еткен ақын-жазушыларымызды қандай баға күтіп тұр? ҚР ҰҒА-ның академигі, ғылымға еңбек сіңірген қайраткер, филология ғылымының докторы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Зәки АХМЕТОВПЕН өткен сұхбатта осы сұрақтарды қамтуға тырыстық.

- Жарты ғасырға таяу әдебиетіміздің тарихы мен теориясын зерттеумен айналысып, әдебиет пәндерінен дәріс беріп келе жатырсыз. Әдебиеттанушылардың, әдебиетші-педагогтердің, ғалым-ұстаздардың бүгінгі таңдағы міндеттері туралы не айтар едіңіз?

- Зерттеу жұмысы туралы айтсақ, қандай да ғылыми еңбек алдымен қоғамдық өмірдің талабына, қоғамдық сұранысқа жауап беретіндей болуы керек қой. Зерттеудің зәрулігі де сол халықтың өміріне қажеттілігіне тундайды.

Осы тұрғыдан алсақ, бүгінгі таңда шексіз бай әдеби мұрамызды, жүздеген таңдаулы көркем шығармаларды жас ұрпақты ұлттық рухымызды, дәстүрімізді, елдігімізді қастерлеуге баулитын танымдық, тағлымдық мән-мағынасын таныта тереңдеп зерттеу, сол арқылы жастардың патриоттық сезімін, келешекке сенімін арттыру қажет деп ойлаймын.

Менің ойымша, дәл қазіргі кезеңде, тарихымызға, қоғамдық өмірге, әдебиет пен мәдениетке көзқарас жаңаша қалыптасып отырған уақытта алдымен ғылымның жетістіктерін, әдеби мұрамыздың ең құндыларын орта және жоғарғы мектептердің қолдануына лайықтап, жастардың ой-өрісі, ұғым-түсінігіне сай етіп баяндап беру аса қажет. Сонымен қатар, қалың жұртшылықтың көдесіне жарайтын ұлттық құндылықтарымызды молынан қамтып, кеңінен танытатын энциклопедиялық типтегі еңбектер жазып шығарудың мәні айрықша зор дер едім. Әрине, әдебиет тарихын, ұлттық сөз өнеріміздің теориясын, қазіргі заман әдебиетін тереңдеп зерттеу күн тәртібінен қашанда түспекші емес. Және бұл салаларда айтарлықтай жұмыстар атқарылды.

Кейінгі жылдардың өзінде көптеген таңдаулы әдеби нұсқалар, көркем шығармалар жарық көрді, ондаған зерттеу еңбектер жарияланды. Мәселе осыларды електен өткізіп, осы замандағы ғылыми ой мен педагогикалық талаптар деңгейінде қортындылап, бүгінгі күннің қажетіне жаратуда.

- Жаңағы өзіңіз ауызға алған соңғы жылдарда жарық көрген әдеби нұсқалар мен зерттеулер туралы нақтылап айта кетсеңіз?

- Кейбір басты-бастыларын ғана айтсақ, ұзақ уақыт жарық көрмей келген Абылай, Кенесары, Наурызбай, Ағыбай туралы жыр-дастандар, «Едіге», «Шора-батыр»,

«Қарасай-Қазы» сияқты батырлық жырлар, Шәкәрім, Мағжан, Ахмет, Міржақып, Жүсіпбек, Әліхан, Мәшһүр-Жүсіптің кітаптары, солар туралы зерттеу еңбектер. Осы кітаптарды басып шығару, зерттеу еңбектер жазу ісінде орта буын ғалымдардың, есіресе, ғылымға жаңа араласқан ғалымдардың көп үлес қосқанын атап айтуымыз орынды.

Соңғы кезде аса зәру әдебиеттану проблемалары бойынша жазылып қорғалған кандидаттық, докторлық диссертациялардың авторлары көбінесе сол жастар.

- Соңғы жылдары классиктеріміздің мерейтойлары қарсаңында Абай, Мұхтар Әуезов, Жамбыл туралы жазылған еңбектер де жұртшылық назарын аударды. Солардың мән-маңызы туралы пікіріңіз?

- Қазіргі жағдайда қазақ халқы әлемдік өркениетке қандай үлес қосқанын толық көрсету жағынан да, егемендік алған еліміздің іргесін нығайтып, рухын көрсететін құндылықтарымызды саралау, кеңінен насихаттау жағынан да Абай, Жамбыл, Әуезов туралы айтылған өрбір жаңа сөз, жаңаша пікірлер халықтың игілігіне аса берді деп ойлаймыз. Және Абайдың, Жамбылдың, Әуезовтің шығармалары, олардың творчествосы туралы зерттеулер шет елдерде де жарияланғанын атап айтуымыз жөн. Сонымен қатар осы саладағы еңбектердің, атқарылған істердің нәтижесін таразылағанда, халқымыздың ақыл-ой алыптарын толығырақ тану, танытуда өлі де алда тұрған міндеттер аз емес екені аңғарылды.

Бұл тұста қазақ әдебиетін шет елдерде насихаттау, басқа тілдерге аудару жағы өлі де жетімсіз екенін айтумен шектелсек болар.

- Қазіргі кезде әдебиеттану саласында диссертациялар жиі қорғалады, сол еңбектерге биік талап қойыла ма деген сөздерді де естіп жүрміз. Осы жайында не дер едіңіз?

- Әдебиеттану ғана емес, филология саласында, яғни тілі білімі бойынша да, бұларға қоса педагогика ғылымы саласында да диссертациялық еңбектер соңғы жылдарда көбірек қорғалып келе жатқаны рас. Және мұның өзі өлден заңды, өмірдің өз талабынан туған нәрсе. Ана тіліміз мемлекеттік статус алып, тіліміздің, туған әдебиетіміздің қоғамдағы алатын орны зорайып, атқаратын міндеттері бұрынғыдан арта түсті емес пе? Қазақ мектептері көбейді, қазақ әдебиеті кафедрасы, тіл мен әдебиет факультеттері біраз облыстарда жаңадан ашылды. Облыстардағы университеттер, педагогикалық институттардағы әдебиетші-ұстаздар қазақ тілінде кітап, диссертация жазып,



Зәки АХМЕТОВ

ана тілінде қорғауға мүмкіндік алды. Солардың ішінен ғылым кандидаттары, докторлары шығуы уақыттың сұранысы. Ал педагогика саласында диссертациялар мольгаһаны ұлттық тәрбие мәселесін зерттеудің қазіргі кезеңде аса зәрулігі. Бір құптарлық жай - педаго-

гика және философия мәселелеріне арналған диссертацияларда ауыз әдебиеті нұсқаларын, әдеби шағырмаларды зерттеу объектісі етіп алуға да мән беріліп келеді. Әдебиеттанушылар да философия, эстетика, психология сияқты ғылымдардың жетістіктеріне көбірек назар аударса, зерттеу әдістерін жетілдіруге оның пайдасы тиер еді.

Ал диссертациялардың сапасына келсек, оны саралайтын, бағалайтын ғылыми мекемелер баршылық. Бірақ баспа жүзінде, басқада ортада да сырттай қортынды жасалмай, нақтылы пікірталдаулар айтылғаны пайдалырақ болары анық.

- Әдебиетке қазіргі кезде жаңаша көзқарас қалыптасты дегенде жаңалық деп нені айтар едіңіз?

- Жалпы түрде айтсақ, әдебиетті үстем идеологияға тәуелді етіп қарау орын алып келгені белгілі. Қазіргі зерттеулерде әдебиетті халықтық мүдде, ұлттық ой-сананы танытатын, өзіндік дербестік сипаты бар сөз өнері, көркем өнер деп қарауға мән беріліп отыр. Нақтылы бір мәселені ғана қозғасақ, қазір ақын тұлғасы, жазушының тұлғасы эстетикалық категория ретінде кеңінен тексеріліп, баяндалуда. Ал бұл жазушының идеялық позициясы тек қоғамдық жағдайымен немесе оның өзінің саяси бағытымен айқындалмайтынын туғаннан қанына сіңген ұғым-нанымдары, сезім өсерлерінің де мән зор болатынын толық ескеруге жол ашады.

- Осы орайда Сәкен, Ілияс, Сәбит секілді ақындардың социалистік құрылымды мадақтағанын бүгінгі заман тұрғысынан қалай бағалау дұрыс деген сауал өзінен-өзі туатын секілді?

- Бұл мәселеде қарама-қайшы пікірлер айтылып жүргенін меңзеп отырған боларсыз. Қай ақынның жазушының творчествосы болсын, егер оны шынайы ірі, нағыз дарынды суреткер десек, ресми идеологияның тар шеңберіне сыймайды, ал шығармасы, егер ол нағыз көркем туынды болса, саяси идеямен шектелмейді. Және бұл жерде жазушының, ақынның жеке бір шығармасын бөліп алмай, бүкіл творчествосын, ұлттық әдебиетке қосқан үлесін тұтастай

алып қарау керектігін ескерген дұрыс.

- Әдебиет, ғылым қайраткерлерінен кімді өзіңізге ұстаз тұттыңыз, үлгі алдыңыз?

- Қазақ мемлекеттік университетінде студент болып жүргенде әдебиеттанушы болуыма көбірек себепші болған профессор Бейсембай Кенжебаев болды. Маған «Абайдың эстетикалық көзқарасы» деген дипломдық жұмыстың тақырыбын берген, жетекшілік еткен сол Бейсекең болатын. Өзі әдебиет тарихын терең білетін, алайда мейлінше кішіпейіл, қарапайым, жастарға мейірімді адам еді. Диплом жұмысыма университеттің профессоры Мұхтар Әуезов сарапшы болды. Ленинградқа аспирантураға баруыма жолдама берген Бейсекең мен Мұхаң еді. Кейінірек 1954 жылдан бастап Мұхаңның басқаруымен Абай шығармаларының ғылыми толық жинағын дайындауға қатыстым. Ал Ленинградта КСРО Ғылым Академиясының Шығыстану институтында аспирант болған кезде жетекші атақты түрколог Сергей Ефимович Малов болды. Ескі түрік жазбаларының асқан білгірі, ол, әсіресе, әдеби текстерді нақтылы зерттеуге мән беретін. Орыс әдебиеті жағынан кеңесші академик Виктор Максимович Жирмунский еді. Еуропа, шығыс әдебиетін де жақсы білетін. «Едіге», «Қарасай-Қазы» жырлары бойынша терең зерттеулер жазды. Шығыстанушылардан академик Игнат Юлианович Крачковскийдің ислам тарихынан оқыған лекциялары қатты әсер етті. Алматыда, әрине, ондай пәндер ол кезде мүлде оқылмайтын.

Кейін өзіміздің Ғылым академиямызда Ахмет Жұбанов, Өлкей Марғұлан секілді ғұлама ғалымдардың жанында жүргенім үлкен сабақ болды.

- Ғылым жолын таңдаған жастарға қандай кеңес берер едіңіз?

- Еңбек еткен адамға қиын нәрсе жоқ. Ешбір іс, ешбір жұмыс оп-оңай, өзінен-өзі бітпейді. Қазір Қазақстанда білім алуға, ғылымды игеруге мүмкіндік жеткілікті. Жас ғалымдарға тек қаражат тапшылығы қол байлау болуы мүмкін. Бірақ ғылым іздеген адам қиыншылыққа төзетіні хақ. Аға буын ғалымдардың қайсысы қиыншылық көрмеді. Олар үстем саясаттың қысымын, зардабын да көрді. Қазір, Құдайға шүкір, ойлауға, сөйлеуге еркіндік толық бар. Бір ғұлама айтқан екен «Ғылым судың ағынына қарсы жүргендей, бір орында тұрсаң, ағыны кері қарай алып кетеді» деп. Ғылым жалықпай үйренуді, үнемі ізденуді талап етеді. Ғалымға ең қиыны - тоқмейілісіну, аз еңбегін көп көріп, атак, дәрежесіне масаттанып, болдым-толдым, жеттім деу. Үйрену, іздену адамды ешқашан жалықтырмайды. Ізденіп, ой үстінде жүрудің өз ләззаты, артықшылығы бар. Өйткені, өмірдегі күйбең іс-өрекеттен, ұсақ пен-дешіліктен, ырың-жырыңнан бойыңды аулақ ұстауға ғылымның пайдасы зор.

Сәтжан ТӨЛЕУМАҒАНБЕТ.